

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ  
Б.БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯ

Әкімшілік құқық және ІО әкімшілік қызметі кафедрасы

**ДӘРІС**

**Учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру.**

Кафедра мәжілісінде талқыланды  
және мақұлданды. №\_\_\_ хаттама. 20\_\_ж «\_\_»\_\_

ҚАРАҒАНДЫ

## **ЖОСПАР:**

Кіріспе

1. Учаскелік полиция инспекторының құқықтық жағдайы.
2. Учаскелік полиция инспекторының қызметін ұйымдастыру.

Қорытынды

Әдебиеттер

## Кіріспе

Елде, қазіргі заман талабына сай, тиісті қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, мемлекет функциясының бірі және Қазақстан Республикасының Конституциясында айтылғандай, оны жүзеге асыруға барлық мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалармен азаматтар қатысады. Елде құқықтық мәртебесіне сәйкес, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету басты міндеті болғандықтан, бұл функцияны жүзеге асыруда, маңызды рөл ішкі істер органдарына беріледі.

Соңғы жылдары қоғамдық тәртіпті қорғау саласында әкімшілік құқық бұзушылықтардың тұрақты түрде өсуі байқалады. Ішкі істер органдарының тәжірибесі, құқықтық актілерді және арнаулы әдебиеттерді талдау келесіні дәлелдеп отыр, қоғамдық тәртіпті қорғау саласында құқық бұзушылықтарды алдын алуда полиция учаскелік инспекторлар маңызды рольге ие, олар қызмет көрсететін әкімшілік учаскелердің аймағында профилактикалық және құқық қорғау функцияларының негізгі көлемін орындайды, күнделікті қызметінде халықпен, еңбек ұжымдармен және қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыста болады. Бірақ, олармен әкімшілік құқық бұзушылықтарды ескерту бойынша жүзеге асырылатын шаралардың тиімділігі аздау болып тұр, солардың салдарынан учаскелік инспекторлар құқық бұзушылықтардың деңгейі мен динамикасына жеткіліксіз әсерін тигізеді.

Құқықтық тәртіпті қорғау бойынша учаскелік инспекторлардың қызметінің негізгі мазмұнын әр түрлі құқық бұзушылықтардың жолын кесу және алдын алу немесе әкімшілік тәжірибені жүзеге асыру құрайды. Бұл қызметтің екі түрлі мәні бар. Біріншіден, ол әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған. Бұл мағынадағы учаскелік инспекторлармен жүргізілетін жұмыс, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы күші бар заңнамаларын жүзеге асыру (орындау) болып табылады. Екіншіден, көрсетілген құқық бұзушылықтарды белсенді анықтау және әкімшілік жазаға тартуды дұрыс қолдану, бір уақытта қылмысты анықтаудың әсіресе сипаты бойынша бір келкі немесе әкімшілік преюдициясы бар қылмыстардың (мысалы, бұзақылық және ұсақ бұзақылық) құралдары ретінде болып табылады. Құқық бұзушылықтардың алдын алу, бекітілген аумақта учаскелік инспекторлар жүргізетін профилактикалық жұмыстар маңызды дәрежеде әсерін тигізеді.

Қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесін осы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тиіс органдарды дамытумен жетілдірусіз шешуге мүмкін емес. Қоғамдық тәртіппен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге көп субъектілер қатысады. Оның ішінде әкімшілік полициясы жетекші орынға ие.

Учаскелік инспекторлардың осы бағыттағы іс-әрекеттерінің тиімділігін көтеру үшін, ғылыми зерттеулер, алдын-алу жұмыстарының перспективті түрі мен бағыттарын іздестіру зор мәнге ие болмақ.

## 1. Участкелік полиция инспекторының құқықтық жағдайы.

Қоғамдық тәртіпті қорғау мен әкімшілік құқық бұзушылықпен күрес бойынша қаралып отырған қызметтің міндеттері жалпылама толықтау түрде «ПО туралы» заң мен ҚР ІІМ № 1095 бұйрығында тұжырымдалған. Бұларда, ішкі істер органдарының ең басты міндеттері құқық бұзушылықтар профилактикасы, қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыстылықпен күрес, қылмыстық жазаларды және әкімшілік жазалауды орындау, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтық қорғанысты ұйымдастыру деп ішінара жазылған [1].

Қазіргі кезде участкелік инспекторлары өздерінің күнделікті іс-әрекетінде ҚР ІІМ 2015жылы 29 желтоқсандағы № 1095 бұйрығымен бекітілген, участкелік полиция инспекторы мен оның көмекшілерінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі Ережені басшылыққа алады.

Учаскелік полиция инспекторлары жергілікті полиция қызметіне кіреді [2], ал жергілікті полиция қызметі әкімшілік полицияның құрамында. Участкелік полиция инспекторының жұмысының негізгі қағидалары болып табылатындар: заңдылық, жариялылық, азаматтармен сыпайы және ұқыпты қарым-қатынас, өзіне бекітілген әкімшілік учаскедегі халықпен, өмір сүруді қамтамасыз етуші қызметтермен басқада мемлекеттік органдармен және қауыммен бірігіп іс-әрекет жасау.

Бекітілген әкімшілік учаскелік инспектор мен оның көмекшісі:

1) құқық бұзушылықтардың, рецидивтік, тұрмыстық, алкогольдік қылмыстардың алдын алу, олардың жасалу себептері мен жағдайларын анықтау;

2) адам мен азаматтың құқықтарын, бостандығы мен заңды мүдделерін заңсыз қол сұғушылықтардан қорғауды қамтамасыз ету;

3) учаскелік инспекторда профилактикалық есепте тұрған адамдар тарапынан болатын құқық бұзушылықтарға жеке алдын алуды жүргізу;

4) әкімшілік учаскеде маңызы бар ақпаратты жинайды және оны ПО-ның мүдделі бөліністеріне, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдарға береді;

5) қылмыстық теріс қылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайды анықтайды, оларды жоюға бағытталған шараларды қабылдайды;

6) құқыққа қарсы қол сұғушылықтан, оқиғалардан және оқыс жағдайдан зардап шеккендерге, сонымен қатар дәрменсіз немесе олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін жағдайда қалған жеке адамдарға көмектеседі;

7) қоғамдық орындарда масаң күйде жүрген, адамның қадір-қасиетін және қоғамдық имандылықты қорлаған адамдарды медициналық ұйымдарға немес ішкі істер органына жеткізеді;

8) құқық бұзушылықты анықтайды және жолын кеседі;

9) заңнамада белгіленген құзыреті шегінде әкімшілік өндірісті және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырады;

10) оқиғалар, жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы арыздарды қабылдайды, тіркейді және қарастырады, қабылданған шешім туралы заңнамамен белгіленген тәртіпте арызданушыға хабарлайды;

11) қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдарды ұстайды;

12) жеке адамдардан және заңды тұлғалардан Қазақстан Республикасының заңнамаларын сақтауды, құқыққа қарсы әрекеттерді тоқтатуды талап етеді, ал осы талаптарды орындамаған жағдайда тиісті мәжбүрлеу шараларын қолдайды;

13) жеке адамдардың жеке басын куәландыратын құжаттарын, сондай-ақ ПО-ға олардың орындалуын бақылау жүктелген белгіленген қағидаларды сақтауды тексеруге қажетті өзге де құжаттарды тексереді;

14) өндірістегі материалдар мен істер бойынша жеке адамдарды және заңды тұлғалардың өкілдерін ПО-ға шақырады, олардан түсініктемелер мен көрсетпелер, құжаттар, олардың көшірмелерін алады, ал келмеген жағдайда белгіленген тәртіпте мәжбүрлеп әкеледі;

15) жеке адамдарға және заңды тұлғаларға міндетті түрде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы ұсыныстар мен ұсынымхаттарды орындау үшін енгізеді;

16) айтылған заңсыз қоғамдық, топтық немесе жеке қызығушылықтар және наразылықтар нысандарының жолын кеседі;

17) психоактивті заттарды пайдалану және мас күйде болу фактілерін анықтау үшін куәландыруды жүргізеді, ол мүмкін болмаған жағдайда – куәландыру үшін медициналық мекемелерге жеткізеді;

18) қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген адамның ізіне түсу, оқиға орнына бару, төтенше немесе соғыс жағдайы қолданылған кезеңде, қарулы қақтығыс жағдайында, төтенше жағдайларды жою кезінде, сондай-ақ меншік иелеріне материалдық залал келтірілген жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен оның орнын толтыра отырып, егер кідірту адамдардың өмірі мен денсаулығына нақты қатер төндіруі мүмкін болатын болса, жедел медициналық көмекке мұқтаж адамдарды медицина ұйымдарына жеткізу үшін көліктің кез келген түрін (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер өкілдіктері мен халықаралық ұйымдардың көлік құралдарынан басқа) пайдаланады;

19) жеке адамдарды әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін ішкі істер органдарына жеткізеді;

20) қаруды, оқ-дәрілерді, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды, сондай-ақ өзге де тыйым салынған бұйымдар мен заттарды алады;

21) жеке адамдардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған деп күдік келтірілген адамдардың ізіне түсу кезінде не сол жерде қылмыстық немесе әкімшілік құқық

бұзушылық жасалды немесе жасалуда, жазатайым оқиға болды деп санау үшін жеткілікті мәліметтер болса, дүлей зілзалалар, апаттар, авариялар, эпидемиялар, эпизоотиялар және жаппай тәртіпсіздіктер кезінде жеке тұлғалардың жеке басының қауіпсіздігі мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін тұрғын және өзге де үй-жайларға, аумақтарға және жер учаскелеріне (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер өкілдіктері мен халықаралық ұйымдардан басқа) кедергісіз кіреді, оларды қарап тексереді;

22) қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтардың жасалу фактілерін және ішкі істер органдары қызметкерлерінің әрекеттерін белгілеу үшін техникалық құралдарды пайдаланады;

23) профилактикалық есепте тұрған адамдарды криминалистік есепке қою, суретке түсіру, дактилоскопия жасау, дыбыс жазбасын, кино- және бейне түсірілімін жүргізу үшін ПО-ға жеткізеді;

24) дербес деректерді жинауды және өңдеуді жүзеге асырады;

25) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асырады [3].

Учаскелік инспектордың негізгі міндеттері болып табылатындар: қылмыс пен құқыққа теріс әрекеттерден азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандығын қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Тұтасы мен алғанда «қоғамдық тәртіпті қорғау», «қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету» ұғымдары үлкен кешенді шараны және оны қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды қамтиды. Негізінен бұл іс-шаралар ішкі істер органдарына жүктелген, және бұған қатысты деп басқа құқық қорғау органдарының, мысалға, ҚР ұлттық қауіпсіздік органдары мен прокуратура органдарының жұмыстары туралы айта алмайсың.

ПО учаскелік полиция инспекторы тікелей өзінің әкімшілік учаскеде немесе арнайы бір іс-шараларға қатыстырылғанда, жүргізетін шаралар:

- қылмыстың және әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын ескерту, анықтау, жолын кесу, олардың жасалуына итермелейтін себептер мен шарттарды анықтау. Бұл жағдайда УПИ қылмысты (жедел-ізвестіру іс-шаралары барысында) ашуға, олардың жолын кесу, қылмыс жасағандарды ұстау және ПО-на жеткізуге құқығы бар. Әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау және жолын кесу бойынша да осыған ұқсас жасалады. Қылмыс пен құқық бұзушылықты алда болдырмау үшін олар бойынша жеке тұлғаларға да, лауазымдық және заңды тұлғаларға да ұсыныс беру шараларын қолданады. Мәдени-көпшілік іс шараларын (мысалы эстрада «жұлдыздарының» концерті, шеру, жарыстар мен т.с.с.) немесе митингілер (рұқсат етілген, рұқсат етілмеген) өткізілгенде қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз етуге қатысады.

- әкімшілік учаскесінде іздестіру жарияланған адамдарды белгілерімен басқада айғақтары бойынша анықтауға;

- халықты құқықтық тәрбиелеуге қатысады, құқықтық тәртіптің жағдайымен ПО жұмысының тиімділігін арттыру шаралары туралы қоғамдық пікірді зерделейді. Бұл жағдайда УПИ жиындарында өзі қызмет көрсететін учаскедегі халыққа криминалдық ахуал туралы, өз жұмысының нәтижелер жайында, тоқсанында бір реттен сирексітпей, хабарлама жасап отыруға міндетті. Бұдан бөлек, УПИ еңбек ұжымдарында, оқу орындарында сөйлеп тұруға міндетті;

- оқиғалар мен оқыс жағдайларда құқыққа қарсы әрекеттерден зардап шеккен азаматтарға, сондай-ақ денсаулығы мен өміріне қауіп төніп, дәрменсіз күйде жатқандарға көмек көрсетеді;

- жол-патрульдік қызметінің қызметкерлеріне жол қозғалысы ережелерінің сақталуына бақылау жасауға, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басқада нормативтік актілердің орындалуын қадағалауына қолқабыс жасайды. Бұл жағдайда ПО УПИ-ы көлік құралдарын тоқтатуға, құжаттарын тексеруге құқы бар. Жүргүзішінің алкогольдық немесе нашакорлық мастық жағдайында болғандығы анықталса, оны көлікті басқарудан аластап ПО-ң медициналық айықтырғышына орналастырады немесе денсаулық сақтау органдарына куәландыруға жеткізеді.

- лицензия-рұқсат ету жүйесінің желісі бойынша іс-шараларды іске асырады. Бұл жерде айта кету керек, УПИ-ң әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасауға, азаматтар мен ұйымдардың атыс (газ) қаруын тәркілеп алуға құқығы бар.

-УПИ қолдану ережесінен сынақ тапсырған соң, табельдік қаруды, кісендерді және басқада арнайы құралдарды тұрақты алып жүруге құқығы бар, бұл жерде арнайы құралдарды, дене күшін және атыс қаруын қолдану тәртібі Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңымен анықталған [4., 59,60,61,62 бап].

Сонымен қатар учаскелік полиция инспекторына профилактикалық есепте тұрған адамдармен жұмыс жүктеледі:

- кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі учаскелік полиция инспекторларына, қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлеріне профилактикалық тіркеуде тұрған адамдардың мінез-құлқын бақылау жасауны көмектеседі. Учаскелік полиция инспекторы ондай адамдардың өмір сүру дағдысын анықтап айқындау мақсатында тұрғылықты мекен жайынан тексеріс жүргізеді.

- бас бостандығынан айыру орындарынан босаған қадағалауға алынған адамның мінез-құлқын және белгіленген шектеулерді сақтауын байқау.

Учаскелік полиция инспекторы өз құзыреті шегінде құқық бұзушылықты алдын-алу мәселелері бойынша жұртшылықпен, мемлекеттік органдармен, меншік түріне қарамастан қоғамдық бірлестіктермен, мекемелермен, ұйымдармен, кәсіпорындармен әрекеттесу, сондай-ақ олардың заңды құқықтарын жүзеге асыруға көмектесу. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы азаматтарымен тіркелу және құжаттану тәртібінің сақталуына, басқа да шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың

өздеріне белгіленген Қазақстан Республикасына кіру және келу тәртібін орындауларына көші-қон полициясы қызметкерлеріне қадағалау жасауға көмек көрсету.

Бәрінен бұрын атап өту керек, көрсетілген заңдар мен заңдық және ведомствалық нормативтік актілер ішкі істер органдарының жұмысын жоғарыда айтқанымыздай, тек реттеп қана қоймай, тіпті учаскелік инспекторлардың қолдауына ыңғайлап олардың барлық бағыттағы істеріндегі міндеттерін баяндаған. Демек біз қарастырып отырған мәселеге ғана қатысты міндеттерді бөліп алуымыз керек. Әрі қарай, бұл міндеттердің өзі көп жиналғанын еске алып, әрі бұлар көпқырлы және әртүрлі болып шықты (күрес объектілері сияқты), мазмұндау мен қабылдауға ыңғайлы болу үшін оларды белгілі бір кейіпте жүйелеу қажеттігі туындады. Іс әрекеттердің сипаты мен бағытына орай учаскелік инспектордың міндеттерін шартты түрде үш топқа бөлуге болады:

- бірінші-қорғау-қадағалау;
- екіншісі-ескерту-профилактикалық;
- үшінші-тиісті органдар мен лауазымдық тұлғаларға қолғабыс көрсету.

**Қорғау-қадағалау міндеттері.** Учаскелік инспектордың құқық бұзушылықпен күресінің бір бөлігін осы топқа біріктірудің белгілері мен критерийлері бұл салаға күш салу мен әдіс мақсаттарды іске асыруды талап етеді. Міндеттерді мұндай атқару бейнесі қоғамдық тәртіптен көрінеді, олардың іске асырылуы әдісі- осы тәртіпті тікелей қорғау мен мемлекеттік билік пен басқару органдарының шешімдерін орындауды қадағалау, сондай-ақ белгіленген ережелерді сақтаудың бақылау; мақсат-қоғамдық тәртіпті бұзушылыққа жеткізбеу немесе уақытылы жолын кесу.

Әкімшілік құқық жайлы заң әдебиеттерінде қоғамдық тәртіп-құқықтық, моральдық нормалармен реттелген, негізінен қоғамдық орындардағы қоғамдық тиыштықты сақтауға бағытталған, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың қалыпты жұмыс жұмыс істеуіне, азаматтардың еңбегі мен демалысына, олардың ары мен намысын қорғауға жағдай жасайтын қоғамдық қатынастар жүйесі деп анықталады.

Қоғамдық тәртіптің мәнін айқындау үшін, біздің пайымдауымызша. әлеуметтік өмір шарттары мен зерделеніп отырған көріністің ерекшеліктерін еске ала отырып, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық орындар арасындағы дәстүрлі байланыстардан бас тарта түру керек. Қоғамдық тәртіпке біздің көзқарасымызды тар, арнайы оймен қарап жақтаушылар оған негізінен қоғамдық орындарда сондай-ақ қоғамдық орындардан тыс қалыптасатын кейбір қоғамдық қарым-қатынастарды апарды. Қоғамдық тәртіп пен қоғамдық орын түсініктерін шынайы жағдайға қарамай біріктіру не практиканың, не заңдылықтың қажеттілігінен туындамайтын сияқты көрінеді.

Жоғарыда келтірілгеннен шығатыны, қоғамдық тәртіп қоғамдық қарым-қатынастың құқықтық және басқада әлеуметтік нормалдармен реттелген бір бөлімі болып табылады. Оған тиісті аймақтағы өмір сүру



режиміне тән өмірге қол сұқпауды, азаматтардың денсаулығы мен намысын, меншігін және мекемелер, кәсіпорындар, ұйымдар, лауазымды тұлғалар мен азаматтардың қалыптасқан ахуалда қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету жатады.

Ұсынылып отырған қоғамдық тәртіп түсінігі қазіргі кезде ресми мойындалған анықтамаға қайшы емес.

ҚР Бас прокуратурасының түсіндірмесіне (01.04.2002 жыл. №11 Ц-8-853-02) сай қоғамдық орындарда жасалған қылмыстар мен құқық бұзушылықтар жалпы пайдалану орындарында, көпшілік іс-шаралар өткізуге пайдаланылатын орындарда, көпшілікке қызмет көрсетуге және халық демалуға арналған орындарда (базарларда, демелыс аймағында, санаторийлерде, стадиондарда, кафе, мейрамхана, барларда, театрлар мен т.с. жерлерде олар жұмыс істеп тұрған кезде) қоғамдық көліктің барлық түрлерінде жасалған қылмыстар мен бұзушылықтар сияқты есептеледі.

Қоғамдық орындарда және көшелерде жасалған құқық бұзушылықтар мен қылмыстар есебіне жатпайтындар: құқық бұзу сәтінде өз функциясын атқармай тұрған көпшілікке арналған объектілерде (түнгі стадионда, жұмыс істемейтін кезінде) жасалған; еңбекшілер ұжымы жұмыс істеуге арналған (өткізу режиміндегі) объектілерде (мысалға ІД ғимараты немесе ҚР ІІМ КА) жасалған; көпшілік пайдаланатын орындарда: коммуналдық пәтерлерде, баспалдақтарда, шатыр ішінде, жер төселерде, лифтілерде, тұрғын үйлердің кіре берістерінде жасалған қылмыстар.

Қоғамдық деп есептелетін орындар бар олар азды-көпті топтармен адамдар ұжымы тұрақты немесе уақытша, о.і. анда-санда бірігіп еңбектенуге, демалуға, көңіл көтеруге, спортпен шұғылдануға арналған орындар (мысалы: парктер, скверлер, кинотеатрлар, вокзалдар, әуежайлар, кафе-мейрамханалар сияқты), сонымен қатар адамның өмірлік сұраныстарын қанағаттандыруға арналған орындар (спорттық және тамашалау құрылыстары, қоғамдық көліктің барлық түрі, кәсіпорындарының, мекемелердің, ұйымдардың оқу орындарының, сауда және қоғамдық тамақтану мекемелерінің үйлері, кеңселер, ауруханалар, емханалар, жағажайлар және с.с.).

Менім пікірімше Бас Прокуратураның осы түсініктемесі толық және шынайы болып табылады. Біріншіден, қоғамдық орында міндетті түрде саны бір талай адамдар болуы қажет, яғни ондай орын кісі келетін орын болады.

Екіншіден, азаматтар жоқ жерде жасалған құқыққа теріс әрекеттер қоғамдық қауіп әкелмейді.

Заңнамалық әдибетте қазіргі уақытқа дейін қоғамдық тәртіп түсінігі бойынша бір пікір қалыптаспаған. А.П.Коренев сияқты қайсы бір автор оны құқықтық тәртіп түсінігімен қатар қояды [5., 72 б.], екіншілер-қоғамдық тәртіпті адамдардың қоғамдық орындардағы белгілі бір мінез-құлқы деп түсінеді, үшіншілер-бұл түсінікті адамдардың, кәсіпорындардың, мекемелермен ұйымдардың жұмыс істеуіне қалыпты жағдай жасауды қамтамасыз ететін қоғамдық қарым-қатынастармен байланыстырады.

Осыған байланысты қоғамдық тәртіптің тиісті басқару субъектілері

қамтамасыз етуге жүктелген, заңмен реттелген қоғамдық қатынастар жүйесі деп тиянақтау әбден заңды болып табылады. Сондықтан, қолданыстағы заңнаманы және құқық қорғау органдарының практикалық әрекеттерінің негізге ала отырып, қоғамдық тәртіптің мазмұны келесі қоғамдық қатынастар жүйесі болып табылады деген тұжырым жасауға болады:

- азаматтардың өмірін, денсаулығы мен абыройын қамтамасыз ететін қалыптасқан қоғамдық қатынастар жүйесі;
- меншіктің сақталуын қамтамасыз ететін қалыптасқан қоғамдық қатынастар жүйесі;
- кәсіпорындардың, мекемелермен ұйымдардың лауазымдық тұлғалар мен азаматтардың қалыпты жұмысын қамтамасыз ететін қалыптасқан қоғамдық қатынастар жүйесі;

Қоғамдық тәртіптің міндетті көрінісі-қоғамдық тәртіптің мазмұнын құрайтын қоғамдық қатынастарды реттеу тетіктері болып табылады, олар: құқықтық, сондай-ақ моралдық өлшемдердің нормалары, әдет-ғұрыптар, бірге өмір сүру ережелері. Осылардың көмегімен қоғамдық қарым-қатынастарға қатысушылардың міндеттері мен құқтары белгіленеді, қайсы бір әрекеттерді жасауға тиымдар салынады, сондай-ақ санкцияларды қолдану мүмкіндігі мен тәртібі анықталады. Бұдан бөлек, реттеу тетіктерінің көмегімен, орныққан қоғамдық қатынастарды кідіріссіз іске асыруды қамтамасыз етуге арналған тиысты мекемелер қалыптастырылады, сонымен қатар олардың құзыреті мен әсер ету аясы анықталады.

Қоғамдық тәртіптің міндетті элементі, сондай-ақ қалыптасқан қоғамдық қатынастардың мақсатын анықтау мен оларды реттеу болып табылады. Қоғамдық тәртіптің мұндай жалпы мақсаттары болатындар:

- азаматтардың өміріне, денсаулығына, абыройымен құқығына қол сұғылмауының қамтамасыз етілуі;
- меншікке қол сұғылмауының қамтамасыз етілуі;
- кәсіпорындардың, мекемелердің, лауазымды тұлғалар мен азаматтардың қалыпты жұмысына қажет жағдайларды қолдау [6].

Қолданыстағы заңдардың жоғарыда келтірілген қағидалары мен ғалымдардың заң әдебиетінде бар пікірлері бұл ұғымға әр түрлі пайым мен мазмұн беретіндігін дәлелдеді. Солай бола тұрса да қоғамдық тәртіп ұғымын дұрыс анықтаудың тек теориялық қана емес елеулі практикалық маңызы бар:

- біріншіден, қоғамдық тәртіп ұғымын дұрыс анықтау, оның мемлекеттік құрылымдағы орны мен маңызы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің проблемаларын шешу үшін керек;
- екіншіден, бұл қоғамдық тәртіпке қол сұғыдуң қоғамға қауыптілік дәрежесін шешу үшін және оларды құқықтық бағалау үшін керек. Мысалы, қоғамдық тәртіпті дөрекі бұзған әрекетке заңмен бір жағдайда қылмыстық жауапкершілік қаралса, екінші жағдайда-әкімшілік жауапкершілік көзделеді.
- үшіншіден, қоғамдық тәртіпті дұрыс анықтау құқық тәртібін қорғау саласындағы мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың құзыретіне тарату мәселерін шешкенде қажет.

Кейбір заңгерлердің көзқарасы бойынша қоғамдық тәртіпке тар, арнайы ұғымда негізінен қоғамдық орындарда қалыптасатын қоғамдық қатынастарды, сондай-ақ қоғамдық орындардан тыс қалыптасқан қайсы бір қоғамдық қатынастарды апаруға болады.

Көбірек нақтыласақ деңгейде қоғамдық тәртіпті қоғамдық қатынастардағы тараптардың өз міндеттерін қалыптасқан құқықтық және басқада әлеуметтік нормалар әсерімен мүлтіксіз орындаудың нәтижесі деп қарауға болады. Қоғамдық қатынастардың мазмұны қайтсе де азаматтардың өміріне, денсаулығына және абройына, меншігіне қол сұғылмауын, мекемелердің, кәсіпорындардың, лауазымдық тұлғалар мен азаматтардың қалпты жұмыс істеу жағдайын қамтамасыз етуге тиіс.

Қоғамдық тәртіп ұғымы үш негізгі элементтен тұратын категория болып табылады. Бұл элементтер:

- а) қоғамдық тәртіптің мазмұны;
- б) оны реттеудің құралдары;
- в) қоғамдық тәртіпті орнатудың мақсаттары.

Қоғамдық тәртіпті қорғау негізінде-мемлекеттік органдар мен қауымдастықтың күштері мен құралдары арқылы қатынастарға қатысушы жақтардың өз міндеттерін қатаң орындауын, бірлескен іс-шаралар кешенін атқаруын іс жүзінде қамтамасыз ету жатыр. Бұл әрекеттердің көздегені қоғамдық тәртіптің мазмұнын құрайтын қоғамдық қатынастарға түрлі заңсыз килігушілікпен күресу, табиғаттың дүлей күштерінің зиянды салдарларының және басқада соған ұқсас көріністердің алдын алу, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті нығайтуға септігін тигізетін қоғамдық қатынастарды орнату мен дамыту. [7]

Учаскелік инспектордың жұмыс ережелерінде бұл міндеттер нақтыланған және тәптіштелген. Өзіне белгіленген учаске аумағында қоғамдық тәртіпті сақтауды іске асыру үшін, учаскелік инспектор ережелерге сәйкес келесі іс-әрекеттерді жасайды:

1. қоғамдық тәртіпті сақтайды, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді;
2. әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алады, анықтайды, қылмыстың жолын кеседі, олардың себептері мен жасалуына ықпал еткен жағдайларды анықтайды;
3. өз құзыреті шегінде анықтау өндірісін жасайды;
4. әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша өндірісті іске асырады және белгіленген құзіреті шегінде әкімшілік жаза қолданады;
5. жеке тапсырыстарға сәйкес анықтау органдарынан, тергеу мен соттан қашым жүрген және хабарсыз жоғалғандарды іздестіреді;
6. халықты құқықтық тәрбиелеуге қатысуға, құқық тәртібінің жай-күйі мен ішкі істер органдары қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы қоғамдық пікірді зерделеу;

7. құқыққа қайшы қол сұғудан, жазатайым және оқыс оқиғалардан зардап шеккен, сондай-ақ денсаулығы мен өмірі үшін қауіпті дәрменсіз немесе өзге де күйдегі азаматтарға көмек көрсету;

8. жол қозғалысы ережесі мен жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты өзге де нормативтік актілердің сақталуын бақылауды жүзеге асырудағы міндеттерін орындауға жол-патрульдік полиция қызметкерлерімен қызметтесу; рұқсат беру жүйесі объектілерін байқауды жүзеге асыру;

9. кәмелетке толмағандармен жұмыс істеу жөнінде учаскелік инспекторларға, қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлеріне, олардың қарамағында есепте тұрған адамдардың тәртібін бақылауда, оларға өзінде бар материалдарды беруде көмектесу.

10. қадағалауға алынған адамның мінез-құлқын және белгіленген шектеулерді сақтауын байқау мақсатында оның үй-жайына тәуліктің кез келген уақытында баруға құқығы бар;

11. құқық бұзушылықты алдын-алу мәселелері бойынша жұртшылықпен, мемлекеттік органдармен, меншік түріне қарамастан қоғамдық бірлестіктермен, мекемелермен, ұйымдармен, кәсіпорындармен әрекеттесу, сондай-ақ олардың заңды құқықтырын жүзеге асыруға көмектесу;

12. Қазақстан Республикасы азаматтарымен тіркелу және құжаттану тәртібінің сақталуына, басқа да шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың өздеріне белгіленген Қазақстан Республикасына кіру және келу тәртібін орындауларына көші-қон полициясы қызметкерлеріне қадағалау жасауға көмек көрсету.

## 2. Учаскелік полиция инспекторының қызметін ұйымдастыру.

Учаскелік инспектор мен оның көмекшісінің жұмысын ұйымдастыру бойынша жалпы басышылықты ЖПҚ-ның бастығы немесе оның орынбасары жүзеге асырады.

Учаскелік инспекторлардың қызметін ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етуді және бақылауды Ішкі істер министрлігі, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және аудандардың (қаланың, қаладағы ауданның) жергілікті полиция қызметі жүзеге асырады, олар:

жалпы құқық бұзушылықтардың жай-күйіне, құрылымына және динамикасына, сондай-ақ олардың алдын алу және жолын кесу бойынша қабылданған шаралардың тиімділігіне талдау жасайды;

белгіленген тәртіппен өкілдік және атқарушы билік органдарына учаскелік инспекторлар мен олардың көмекшілері қызметінің проблемалық мәселелері бойынша ақпараттық материалдар, сондай-ақ құқық бұзушылықтар профилактикасын жетілдіру бойынша жедел жағдайға жасалған талдаудан туындайтын ұсыныстарды дайындайды;

жергілікті мемлекеттік басқару органдарымен, қоғамдық бірлестіктермен және діни ұйымдармен құқық бұзушылықтар профилактикасы мәселелері бойынша өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

белгіленген тәртіппен тиісті органдар мен ұйымдарға құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен шарттарды жою туралы ұсыныстар енгізеді;

әдістемелік ұсынымдар мен шолулар, сондай-ақ учаскелік инспекторлар мен олардың көмекшілерінің қызметін жетілдіруге бағытталған бұйрықтардың, нұсқаулар мен басқа да басқарушылық шешімдердің жобаларын дайындайды;

учаскелік инспекторлар мен олардың көмекшілерінің қызметін зерделеу, Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің нақты орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ оларға әдістемелік және практикалық көмек көрсету үшін инспектрлеуге, бақылау тексерістеріне, аудандарға (қалаларға, қаладағы аудандарға) кешендік және өзге де шығуларға қатысады;

құқық бұзушылықтар профликатикасы жөніндегі жұмыстың озық тәжірибесін зерделейді, қорытады және практикаға енгізеді;

профилактикалық есепте тұратын адамдардың қылмыстар жасауына ықпал ететін себептер мен шарттарды анықтау мақсатында қызметтік тексерістер жүргізеді;

профилактикалық және тізімдік есептерде тұрған адамдарды есепке алу журналдарын жүргізеді;

учаскелік инспекторлар мен олардың көмекшілерінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша азаматтардың өтініштерін, мемлекеттік органдардың, қоғамдық және діни бірлестіктердің хабарламаларын қарайды. Учаскелік инспектор мен оның көмекшісі ЖПБ бастығымен бекітілген өз

жұмысын УПП жұмыс жоспарларына сәйкес ұйымдастырады.

Жұмыс дәптерін жүргізеді, онда учаскелік инспектордың тікелей бастықтарының барлық тапсырмалары мен нұсқаулары және оларды орындау мерзімдері есепке алынады.

Әрбір айдың қорытындысы бойынша учаскелік инспектор және оның көмекшісі жұмыс дәптерінде атқарылған жұмыс туралы анықтама жасайды, ол жалпылау үшін ЖПҚ бастығына немесе оның орынбасарына (учаскелік инспектордың жұмысына басшылық ету жөніндегі инспекторға) ұсынылады[3].

Учаскелік полиция инспекторлардың әкімшілік құқық бұзушылықтармен күресінің нәтижелігі олардың іс-әрекетін құқытық қамтамасыз ету деңгейімен ғана анықталмайды, ол көп жағдайда әртүрлі нысанда іске асырылатын ұйымдастыруға байланысты болады. Негізгі ұйымдастыру нысандары ретінде мұнда алға шығатыны:

- құқық бұзушылықпен күрес жұмысын жоспарлау;
- оның нәтижелерін есепке алу мен сараптау;
- учаскелік инспектордың көрші учаскелердегі әріптестерімен, басқа қызметтер мен АҚІБ бөліністерінің қызметкерлерімен, сондай-ақ қауыммен бірлесіп қимыл жасау;
- қызмет аумағында қоғамдық тәртіп пен құқық бұзушылық профилактикасын жақсарту бойынша шаралар әзәрлеп оларды аудандық (қалалық) органның басшысына, басқада мүдделі мекемелер мен ұйымдарға ұсыну.

Ұйымдастыру нысанынан бөлек, учаскелік инспекторлардың әкімшілік қылықтармен күрестегі құзыреті тіктеп келгенде басқаша нысандарда жүзеге асады, ия оларды орындау-процессуалдық деп атайық. Бұл салада учаскелік инспектор атқаратын көп міндеттерді түптей келгенде төрт орындау-процессуалдық формаға тоғыстыруға болады: ескерту, анықтау мен бұзушылықтың жолын кесу, құқық бұзушыларды жауапкершілікке тарту. Олардың бәрі өзара үндес және бірімен-бірі байланыста, ал оны жүзеге асыру учаскелік инспектордың бекітілген учаскеде әкімшілік құқық бұзушылықпен күресінің мазмұнын-мәнін құрайды. Бірқатар аудандық (қалалық) ішкі істер органдарының учаскелік инспекторларының практикалық іс-әрекеті осы қағидамен (аспектімен) сарапталады.

Жоспарлау ролінің жұмысы ұйымдастыруда маңызды элементердің бірі екені баршаға әйгілі. Жоспар күш пен уақытты мақсатты әрі оңтайлы пайдалануды қамтамасыз етеді, орындаушыны тәртіпке шақырады. Ол басшылыққа учаскелік инспектордың жұмысына бақылау жасауға және оның тиімділігін арттыру үшін уақытылы шара қолдануға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты мәселе көтеріледі: учаскелік инспекторға әкімшілік құқық бұзушылықпен күреске қатысты нені және қалай жоспарлауы керек? Айтары жоқ, ішінде пәлен уақытта осыншама құқық бұзушылықтарды (ұсақ бұзақыларды, маскүнемдерді және т.б.) анықтау керек, осыншама әкімшілік хаттамаларын толтыру немесе әкімшілік құқық

бұзушылықпен күреске үнемі қатысу керек деп жоспар құрмау керек. Өкінішке орай, мұндайлар сиректе болса өмірде кездесіп қалады. Әкімшілік құқық бұзушылықпен күрес үрдісінің (механизмінің) бұған дайын біз атап өткен элементтерін (кезеңдерін, формаларын) сараптай келгенде белгілі болған нәрсе: учаскелік инспектордың алдын-алу профилактикалық жұмысы ғана жоспарлауға болады.

Учаскелік инспекторлар жасаған жұмыс жоспарларын зерделеу (қазіргі және бұрынғы) барысында және сараптаудан өткізгенде көз жеткен тұжырым: әкімшілік құқық бұзушылықпен күресті ұйымдастыру (ерекше әлеуметтік-құқықтық көрініс ретінде) нағыз жоспарлы негізде әліде жүргізілмейді. Әдетте, мұндай ұйымдастыру постафакум принципімен іске асырылады, яғни оқиға болады-соған орай қимыл жасалды, көбінесе мұндай жоспарларға біріншіден, тікелей әкімшілік қылықтардың алдын алуға бағытталған не шаралардың жоқ болуы тән. Бұл жалпыға да, дербес профилактикаға да қатысты, әдетте олар қылмыс жасаушылықпен күрес жағдайын сараптауға негізделген.

Қызмет ету учаскесіндегі әкімшілік құқық бұзушылықпен күресті жоспарлы түрде ұйымдастырудың біршама ерекшеліктері бар. Учаскелік инспектордың жоспарланған профилактикалық іс-әрекеті, әдетте, қылмыс жасаудың алдын алу және әкімшілік қылықтарды болдырмау мақсатын да бірге көздейді, алайда кейбір іс-шараны көрсетілген бір мақсатта өткізу мүмкіндігін де шығарып тастауға болмайды. Соңғы айтылған мәселе құқық бұзушылықтың нақты бір түрін алдын алу туралы әңгімеге тән.

Бұдан бөлек құқыққа теріс көріністермен күрес біраз жағдайда кезең-кезеңмен өткізіліп тұратын кешенді немесе дербес науқандар (әртүрлі рейдтер өткізу, операциялар, тексерістер, мәселен, паспорттық жүйе ережелерін сақтау, өртке қарсы қауіпсіздік бойынша) түрінде болып кетеді және бұлар да жұмыс жоспарларынан көрініс табады. Бұл жерде тек профилактикалық мәселелер шешілмейді, бұзушылықты анықтау мен жолын кесу мақсаттары да іске асырылады. Ұқсас жайттар учаскелік инспектор жеке немесе жол-патрульдік нарядтар және жасақшыларымен бірге учаске аумағын патрульдеуге шыққанда да туындайды, себебі көшеде және басқада көпшілік орындарда форма киген полиция қызметкерінің көріну фактісінің өзі құқық бұзушылықтарға алдын-алу ескерту ықпалын жасайды.

Учаскелік инспектордың әкімшілік құқық бұзушылықпен күрес бөлігінің жұмысын жоспарлағанда оған осы салада жүктелген міндеттерден бастау керек. Бізше, жоспарға келесі жайыттарды (іс-шараларды) енгізу қажет сияқты:

- учаскенің ең криминогенді орнын, қоғамдық тәртіпті қажетті деңгейде ұстау мақсатында патрульдеу (қоғамдық тәртіп бұзылатын немесе бұзылуы мүмкін жерлерде);

- азаматтар мен лауазымды тұлғалардың белгіленген ережелерді сақтауына тексеріс жүргізу;

- жүргізілетін кешенді іс-шараларға (рейдтерге, операцияларға және

с.с.) қатысу;

- ақша қаражаттары, материалдық құндылықтар мен құрамында есірткі бар заттар сақталатын объектілердің күзетілуін бақылау (әсіресе ауылдық жерлерде);

- сауда, қоғамдық тамақтандыру және материалдық құндылықтар сақталатын басқада объектілердің техникалық бекемделуі тұрғысынан қарап өту;

- тұрғылықты жерлер мен еңбек ұжымдарында құқықтық насихат (дәріс, әңгіме, сөз сөйлеу) жүргізу, селолық жиындар мен жиналыстар өткізу;

- әртүрлі санаттарда тұрғандармен жеке профилактикалық жұмыс жүргізу (әңгімелер, тұрмыс салтын тексеру, тәртіптерін талқылауды ұйымдастыру, тәлімгерлікке адам тағайындау және т.б.);

- құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша профилактикалық ұйымдастыру шаралары туралы денсаулық сақтау органдарының наркологиялық мекемелерге ай сайын хабарлама жасау, ал аудандық (қалалық) органға ұсыныстар дайындау (мысалы, кабинеттер ашу қажеттігі, еңбек ұжымдарында тәрбиелік жұмыстарды күшейту туралы);

- әкімшілік құқық бұзушылықпен күрес жұмыстарының нәтижелерін сараптау.

Осы айтылғандардың бәрі әрбір жұмыс жоспарларында толық көлемде және тап сондай түр мен мазмұнда орын алсын деген сөз емес. Жоспарлау негізінде жедел ахуалдың жағдайлары, жұмыс жүргізу орындары есепке ала отырып оларды зерделеу жатады (қала, ауылдық жерлер). Кейбір іс-шараларды өткізу осы айда, екінші біреулерін келесі айда өткізу қаралуы мүмкін. Бұл жерде алдын алу-профилактикалық жұмыстар қалай және кіммен өткізілетіні анық жазылуы маңызды, яғни олар нақты және жіктеліп жазылуы қажет.

Учаскелік инспекторлар жасаған жоспарлардың шынайылығы (нақтылық, жіктеулік, орындау міндеттілігі сияқты шарттарды сақтай отырып) оларда қаралған шаралар қызмет көрсетілетін учаскедегі әкімшілік құқық бұзушылық ахуалының сараптық деректері мен жүргізілген күрес нәтижелеріне негізделсе ғана мүмкін болмау. Өз кезегінде мұндай сараптауды жасау бақылау объектілерінде тиісті есеп жүргізуді қажет етеді.

Ішкі істер органдарындағы есепке алу-тіркеу жұмыстарын ұйымдастырудың бүгінгі жағдайына тән нәрсе, әкімшілік құқық бұзушылықтың бірегей есебінің жоқтығы және әрбір қызметтер бойынша онымен күрес нәтижелері есебінің шашыраңқылығы.

Есептілікті бұлай ұйымдастырудың негативті (жағымсыз) сәттері келесіден көрінеді: Бекітілген учаскедегі әкімшілік құқық бұзушылықтың қайсы бір түрлерімен (алдын-алудан бастап жауапқа тартуға дейін) учаскелік инспекторлардан басқа аудандық, қалалық органдардың көптеген қызметтері мен бөлімшелері күрес жүргізеді (мәселен: жол-патрульдік қызмет, кәмелетке толмағандар іс жөніндегі бөлімі). Ал жұмыс нәтижелерін әрқайсысы өз бетінше есепке алады және бұл толық және бірегей есеп



болмауы мүмкін. Қорытындысында көрсетілген құқық бұзушылықтар бойынша АҚІБ ауқымында да, нақты учаске бойынша да жалпы картина жоқ. Жедел ахуалдың бұл жағы бойынша учаскелік инспектордың таным-түсінігі тек өзінің іс-қимыл деректерінен тұрады. Сондықтан осындай «жартыкеш» деректерді сараптау мен олардың негізінде жұмысты жақсарту шараларында ахуалды бағалаудан туындайтын қателіктер болуы шынында мүмкін.

Учаскелік инспектордың жұмыс көрсеткіштерін сараптау кезінде, біздің пікіріміз бойынша, олардың жасаған әкімшілік хаттамаларын ғана емес, құқық бұзушылықтың қайсыбір кәсіпорындар мен мекемелердің адамдары арасында таралушылығы (жұмыс орны бойынша сараптау), осы құқық бұзушылықтың жасалған орны (көше немесе басқада көпшілік орындар, пәтерлер, жатаханалар және т.с.с), жасалу уақыты, алдын алу-профилактикалық жұмыстың тиімділігі есепке алынуы керек. Бұл құқықтық тәртіптің қызмет ету аумағындағы жағдайы туралы көбірек шын көріністі алуға және оны сақтауды теңдей шараларын белгілеуге жолашады.

Учаскелік инспектордың учаскедегі құқықтық тәртіпті дұрыс қамтамасыз етуі, құқық бұзушылықтың алдын алу мен жолын кесу жұмыстарын жүргізуі ішкі істер органының басқа қызметтері мен бөлімшелерінің қызметкерлерімен және түрлі қоғамдық құрылымдардың өкілдерімен тығыз іс-қимылсыз мүмкін емес. Мұндай бірлесіп іс-қимыл жасау қажеттілігі қашан туындайды және әкімшілік қылықтармен күреске қатысы ол қалай жүзеге асырылуы керек?

Бір қарағанда, қандай бірлескен, іс-қимыл туралы әңгіме болуы мүмкін, егер әкімшілік жолмен жазаланатын нендей де бір қылық жасалу жағдайын тергеу және қажет жағдайда хаттама жазуды талап етеді. Егер учаскелік инспектордың аталмыш құқық бұзушылықпен күрестегі міндетін осылай түсініп көз алдымызға келтірсек шынында қажет емес, анығында бұл күрестің өзі олардың алдын алудан басталады. Сондықтан бірлесіп қимылдаудың, яғни адамдар топтарының күш салуын уақыт және орын бойынша келістіру, жұмысты жоспарлай бастағаннан туындайды. Атап айытқанда, бұл қоғамға теріс қандай да бір көріністермен күрескенде межеленетін кешенді (мысалы: учаскені өңдеу немесе арнайы мақсатты рейдтер, операциялар өткізу) іс-шараларға қатысты.

Жоспарланған іс-шараларды өткізуге дайындықтың ұйымдастыру кезеңінде бірлескен іс-қимыл мына түрлерде көрінеді:

- қатысушылар туралы мәселені келісу;
- қойылатын міндет жайында нұсқама өткізу, бірігіп істелер жұмыс тәртібін, байланысты ұстау, өзара көмек көрсету жолдарын түсіндіру;
- желілік қызмет адамдарының тараптарынан усакелік инспекторларды оқытып-үйрету, болмаса күрес жүргізіліп отырған кейбір құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау және жолын кесудің тактикалық әдістерін учаскелік инспектордың қоғамдық көмекшілеріне үйретуі, және с.с.

Бұларды жүзеге асыру үдерісінде қаланың жағдайында, мысалы,

ұсталған құқық бұзушы туралы мәліметті не айырбастау, не тексеру қажеттігі аз туындамайды, көрші учаскеде жасырынып отырған бұзушыны ұстауға тапсырыс беріледі, бірігіп патрулдеу, үйлерді, кіре берістерді жағалау, шатыр мен жертөре жайларын қарау жүргізіледі; учаскелік инспекторға учаске аумағын жүріп өтуге, олармен жұмыс барысын бақылауға, туындаған мәселелер бойынша кеңес беруге, қажетті көмек көрсетуге дайын болуға тура келеді. Учаскелік инспекторлардың мүдделі қызметтер адамдарымен бірлесіп қимылдауы өткізілген іс-шаралардың қорытындысын шығарғанда да, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті сақтау мен құқық бұзушылықпен күресті қамтамасыз ету мәселелері бойынша тиісті инстанцияларға ұсыныстарды бірігіп дайындау кезінде де болуы мүмкін.

Қызмет көрсету учаскеде әкімшілік құқық бұзушылықтармен күресті ұйымдастыруда маңызды мәнібар нәрсе аудандық қалалық органға және осы күреске қатысы бар мекемелер мен ұйымдарға қоғамдық тәртіпті сақтау мен құқық бұзушылықтың профилактикасын жақсарту шаралары туралы ұсыныстарды учаскелік инспектордың уақытылы дайындап ұсынуы.

Мұндай ұсыныстарды дайындап енгізу учаскелік инспектордың міндеттерінің бірі болып табылады. Ол ұсыныстар келесі мәселеге қатысты болуы мүмкін:

- учаскедегі парულдік-бекеттік полиция нарядтарын ең тиімді түрде орналастыру (қалалық жерлер үшін);

- ең көп таралған қоғамға теріс көріністермен (мысалы: маскүнемдік) күрсеу үшін қоғамдық құрлымдар құру керектігі, оның ішінде қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету үшін студенттер мен жұмысшылар жатақханаларында, шетел азаматтарының келген және орналасқан жерлерінде;

- спирттік ішімдікті былапыт тұтынатын және созылмалы алкоголь дертіне шалдыққан адамдардың өндірістен қол үзбей емдеу үшін ауданда қалада өнер кәсіпорындарында және агроөнеркәсіп кешендерінің жанында наркологиалық кабинеттер мен стационарлар ашу қажеттілігі;

- еңбек ұжымдарында құқық бұзушылармен, оның ішінде кәнігі маскүнемдермен және алкоголь дертіне шалдыққандардымен, тәрбие жұмысын жақсарту керектілігі;

- қоғамдық құрлымдардың жұмысын жақсарту;

- қоғамдық тәртіпті сақтауда, болмаса бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған немесе қоғамдық пайдалы еңбектен жалтарып жүрген адамдарды жұмысқа орналастыру туралы міндетті шешімдерді орындауда еңбек ұжымы мүшелерінің қоғамдық парызын атқаруды қамтамасыз ету алмаған кәсіпорын, мекеме және ұйым басшылары туралы ақпарат беру;

Көрсетілген ұсыныстарды дайындағанда учаскелік инспекторда жұмыс барысында жиналған және тұрақты да тікелей қадағалау нәтижесінде анықталған тиісті деректермен және фактылармен расталуы қажет, және жүргізілген нысаналы сараптамадан шығуы керек. Соңғылар әсіресе

наркологиялық кабинеттер ашу туралы, еңбек ұжымдары мен қоғамдық құрлымдарда тәрбие жұмысын жақсарту қажеттілігіне қатысты.

Учаскелік инспектордың әкімшілік құқық бұзушылықты алдын алу жөніндегі іс-қимылы, атап өткендей, екі бағытта жүзеге асырылады: құқық бұзушылықтың жалпы профилактикасы арқылы және қоғамға жат тәртіп көрсететін адамдармен жеке профилактика жұмысын жүргізу арқылы. Құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған жалпы профилактикалық шаралар мыналарды қамтиды:

- әкімшілік қылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ медициналық тұрғыдан тыс пайдалануға түскен есірткі заттардың жолдары мен көздерін анықтау;

- осы себептер мен жағдайларды аластату туралы ұсыныс-талап пен мемлекеттік меншіктің сақталуына ведомствалық және қоғамдық бақылауды жақсарту бойынша ұсыныстарды кәсіпорын, мекеме, ұйымдар атына дайындау, мас күйінде жасалған жол-көлік оқиғалары туралы ескертпе жасау;

- нашақорлықтың жайылуына себепкер жағдайларды жою туралы аудандық, қалалық органның бастығына ұсыныс жасау;

- мемлекеттік меншіктің сақталуын күшейту, құрамында есірткі бар заттарды сақтау, есепке алу және босатуда анықталған кемшіліктерді, объектілердегі өрт күзет сигналы мен химиялық қапқыштардың болмауын жою шараларын қабылдайды;

- сауда, қоғамдық тамақтану кәсіпорындары мен басқада ақша қаражаттар мен материалдық құндылықтарды сақтау объектілерінің техникалық бекімделуі күйін бақылау;

- есірткі заттардың сақталу, есепке алыну және босату жағдайын тексеру;

- ауылдық жиындар, тұрақты жерде және еңбек ұжымдарында жиналыстар өткізуге қатысу;

- қоғамдық тәртіпті сақтау мәселелері бойынша қалалық халық алдында сөйлеу, әңгіме өткізу, дәріс жасау; қылмыстылық пен күрес шаралары туралы халықты құлақтандыру.

Жеке профилактикалық жұмыстар тізімдік есепке алынуға жататын қоғамға жат қылығы бар адамдарды анықтаудан басталады. Мұндай категориялардағы адамдар учаскелік инспектордың ережелерінде тізімделген. Бұл адамдарды есепке қойған соң учаскелік инспектор олрадың құқық бұзуына жол бермеу мақсатында тәртіптері мен өмір салтын үнемі бақылауға (байқауға) алуды қамтамасыз етуге, нормативтік актілермен қаралған шараларды дер кезінде қабылдауға міндетті.

Учаскелік инспектор құқық бұзушымен оның жеке басының ерекшеліктерін ескере отырып профилактикалық жұмыс жүргізгенде әдетте келесі шараларды жүзеге асырады:

- есепте тұрған адамдармен әңгіме жасағанда оған, қажет жағдайда, еңбек ұжымының, қауымның өкілдерін, басқа да туысқандарын, нарколог-

дәрігерді шақырады; олардың тұрған жері мен жұмыс орындарына барады; бұл адамдарды отырыстарды, ауылдық жиындарда талқылау туралы ұсыныс жасайды; оларды талқылағанда өзі де қатысады;

- мұндай адамдарға жекелей немесе ұжымдық тәлімгерлікті ұйымдастырады; бұрын сотталған адамдардың тұрмыстық жағдайы мен жұмысқа тұруы шешілуіне көмек көрсетеді; созылмалы алкоголь дертіне шалдыққандар мен нашақорларды наркологиялық ұйымға жіберу үшін материалдар рәсімдейді;

- аудандық, қалалық ішкі істер бөлімінің басшылығына әкімшілік қадағалау орнату туралы ұсыныс жасайды; кейбір категориядағы есепте тұрғандардың қоғамға жат тәртібі фактілері жөнінде (мысалы: шартты сотталғандар және шартты босатылғандар) қызметтік хабарламаны басқа да қызметтерге жібереді.

Қылмыс жасауға бейім адамдарға байқау жасау учаскелік полиция инспекторларының жұмысында профилактикалық әсер жасау алдығы орында тұр. Бұл профилактикалық әсер жасағанда жеке әсер етуге байланысты мәселелердің толығырақ шешілуімен түсіндіріледі.

Профилактикалық әсер жасау деп тізімдік есепте тұрған адамдарға қатысты жеке тәрбиелік және басқада шараларды жүзеге асырудағы, оларды жаңа қылмыстар жасауға жеткізбеу мақсатындағы ішкі істер органдарының іс-қимылдарын атайды.

Жеке профилактика-психологиялық-педагогикалық білімдерді, ептілік пен тәжірибені талап ететін күрделі жұмыс. Ол құқыққа теріс тәртібі туралы айғақ фактілерге негізделуі керек. Оның негізгі мақсаты құқық бұзушылықтың себептерін анықтауға ғана бағытталмауы тиіс, ол сондай-ақ құқық бұзушылық құқыққа жат және басқада қоғамға қарсы әрекеттерінің қоғамға қаншама қауіптілігі туралы түсінікті қалыптастыру, және оны тиісті жігерлік танытса, теріс талаптардан, қоғамға қарсы көз қарастар мен мүдделерден, зиянды әдеттерден құтыла алатынына сендіру.

Жеке профилактика өзіне бір қатар өзекті, байланысты кезеңдерді қамтиды: қылмыс жасауға бейім адамдарды анықтау, оларды бақылауға алу, профилактикалық әсер жасауды іске асыру. Барлық осы кезеңдер маңызды және қажет, себебі: жеке профилактикалық іс-қимылдың өзі бұлардың кешенді бірлігінде тұр. Учаскелік инспектор осыны іске асыруға тиіс деген сеніммен бұлардың әрқайсысын бөлек-бөлек қарайық.

Жеке- профилактикалық жұмыстың басталуы айқын дәлелденген қоғамға қарсы пиғылы бар, қылмыс жасауға бейім адамдарды есепке қоюға байланысты. Бұл кезеңде өздеріне профилактикалық әсер жасау қажет құқық бұзушылардың құрамы анықталады.

Қызмет көрсететін әкімшілік аумақта учаскелік инспекторының міндеттері:

- көші-қон полициясының;
- кезекші бөлімдердің;
- қалалық, аудандық органдар жедел қызметтерінің;

- әділет органдары қылмыстық-атқару инспекцияларының ақпаратын;
- соттардың;
- түзеу және денсаулық сақтау мекемелерінің, оның ішінде мамандандырылған диспансерлердің;
- жұртшылық өкілдерінің, лауазымды адамдар мен азаматтардың хаттары мен арыздарының, бұқаралық-ақпарат құралдары жариялауларының;
- құқық бұзушыларды әкімшілік жауапкершілікке тартатын және ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы материалдардың;
- қылмыстар және құқық бұзушылықтар туралы хабарламалар мен арыздарды тіркеу кітаптары мен журналдарындағы мәліметтердің;
- ішкі істер органдарына, дәрігерлік-сауықтыру, әкімшілік қамауға алынған адамдарды, белгілі тұрағы және құжаттары жоқ адамдарды ұстауға арналған арнайы қабылдау-тарату орындарына, медициналық айықтырғышқа жеткізілген адамдар саны туралы хабарламаларды пайдаланып, профилактикалық ықпал етуге жататын адамдарды анықтауы тиіс.

Профилактикалық ықпал жасауға жататын адамдарды анықтаудың маңыздылығы бірқатар жағдаяттармен байланысты. Оның ішінде профилактикалық ықпал жасау объектісін дұрыс анықтау заңдылықтың сақталуына кепілдік жасайды, яғни қайсы бір азаматтардың рухани өміріне негізсіз килігу, кемсіту, ал кейбір адамдардың құқы мен бостандығын шектелуі оқиғаларын болдырмайды. Профилактикалық ықпал ету объектісін дұрыс анықтамау учаскелік инспектордың күшін шашыратуға әкеліп соғады, өзінің назарын криминалдық жағынан аса қауіпті азаматтарға баса аударуға мүмкіндік бермейді.

Іс әрекетін реттейтін нормативтік актілерге сәйкес учаскелік полиция инспекторы профилактикалық әсер етуге жататын келесі санатты анықтап алуға міндетті:

- 1) әкімшілік қадағалау белгіленгендер;
- 2) бас бостандығынан айыру орындарынан шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы шешім (қаулы) қабылданғандар;
- 3) ауыр және (немесе) аса ауыр қылмыс жасағаны үшін жазасын өтегеннен кейін бас бостандығынан айыру орындарынан босату туралы шешім қабылданған немесе қасақана қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға екі немесе одан көп рет сотталғандар («Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» 1996 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының қолданылу аясына шартты түрде жататын);
- 4) сот әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша мінез-құлқына ерекше талаптар белгілегендер;
- 5) қорғаныс нұсқамасы шығарылған адамдарға қатысты профилактикалық бақылауды және жеке профилактикалық жұмысты жүзеге асырады.

Адам бірнеше санат бойынша профилактикалық есепке алынуы тиіс болған жағдайда, профилактикалық бақылау және олардың санын есептеу анағұрлым маңыздысы бойынша жүзеге асырылады.

Әкімшілік қадағалауға жататын адамдарға қатысты жеке профилактика жүргізу тәртібі «Әкімшілік қадағалауда тұрған адамдарды есепке алу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 11 ақпандағы № 97 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3505 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады[8].

Жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдарға қатысты жеке профилактика жүргізу тәртібі «Жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 21 тамыздағы № 340 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4947 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады. Мүдделі адамдар профилактикалық есепке қоюға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдана алады.

Қорғау нұсқамасы шығарылған немесе сотпен оған мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеген адамдарға қатысты жеке профилактика жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі белгілейді.

Әкімшілік учаскенің ерекшеліктері туралы хабардар болуды арттыру мақсатында учаскелік инспектор әкімшілік учаскені үнемі зерделеуі тиіс, құқық бұзушылықтар жасауға бейім адамдардың:

- соттылық белгілері бойынша «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының әрекетіне түсетіндердің;

- соттылығы жойылмаған немесе алынып тасталмаған бұрын сотталғандардың;

- алкогольдік ішімдіктерді теріс пайдаланатындар ретінде денсаулық сақтау органдарының диспансерлік есебінде тұрғандардың;

- есірткі құралдарын, психотроптық және уытты заттарды медициналық емес мақсатта пайдалануға жол беретіндер ретінде денсаулық сақтау органдарының диспансерлік есебінде тұрғандардың;

- денсаулық сақтау мекемелерінде диспансерлік есепте тұратын, қоғамға қауіп төндіретін, ассоциалдық бағыттағы мінез-құлқы бар психикалық науқастардың;

- әкімшілік учаскеде тұратын, ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі бөліністерінде есепте тұрғандардың;

- қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес, сондай-ақ шартты түрде немесе жазасын өтеу кейінге қалдырылған жаза белгіленген адамдардың тізімі болуы қажет.

Профилактикаланатын адамдар туралы мәліметтер «Қазақстан Республикасы ІІМ-нің Біріктірілген деректер банкі» қалыптастыру,

пайдалану тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі №125 бұйрығымен белгіленген тәртіпте біріктірілген деректер банкіне енгізіледі, олар бойынша тоқсан сайын міндетті түрде актілер толтырылып, салыстыра тексерулер жүргізіледі.

Профилактикаланатын адамдар санатының материалдары қалалық, аудандық органның үй-жайында немесе қалалық, аудандық орган бастығының бұйрығына сәйкес учаскелік полиция пунктінде (полиция бөлімшесінде) сақталады. Құжаттарды қалалық, аудандық органның үй-жайында сақтау кезінде олардың жүргізілуін бақылау учаскелік инспекторларға жетекшілік ететін қоғамдық қауіпсіздік бөліністері инспекторларының біріне жүктеледі.

Учаскелік инспектор осы санамаланған категориядағы адамдардың бәрін дер кезінде анықтап есепке толық көлемде қоюы керек.

Мұнымен қатар профилактикалық әсер етуге жататындарды уақтылы анықтаумен бірге толық анықтау үлкен маңызға ие. Бұл қылығымен құқыққа теріс жолға түскен жандардың әрі қарай азғындамауы үшін араласуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, оларды толық анықтау орындауға қажет жұмыс көлемін, сөз жоқ, қажет ресурс көлемін анық айқындауға (көз жеткізуге) мүмкіндік береді. Қаралып отырған адамдарды толық анықтау профилактика жасалатындардың құрылымын санаттар бойынша, қоғамға қауіптілігі дәрежесі бойынша шынайы көріністі алуға көмектеседі, ал бұл жеке-профилактикалық шараларды іске асыруға керек күштерді дұрыс бөліп пайдалануға, оларды бірінші кезекте аса қауіпті криминал адамдарға қатысты пайдалануға септік жасайды. Учаскелік инспектордың учаскесінде қоғамдық пайдалы еңбекпен шұғылданбайтын адамдарды анықтау жұмысының қаншалықты жолға қойылғаны бойынша учаскені жедел өңдеудің сапасы туралы, елмен, халықпен байланысы туралы, оның тұрған мәселелерді шешуге сенім көрсетілген адамдарды, полицияның штаттан тыс қызметкерлерін, қоғамдық ұйымдардың мүшелерін тартуға қабілеттілігі туралы өте нақты айтуға болады. Профилактикалық ықпал жасауға жататын азаматтарды анықтауға қатысты бүкіл жұмысқа осылайша баға беру әділетті сияқты.

Барлық анықталған адамдарды учаскелік инспектор есепке алады.

Қазіргі уақытта, ведомстволық нормативтік ережелерге сәйкес, учаскелік инспектор бүкіл анықталған адамдарды есепке қоюға міндетті.

Анықталған және есепке қойылған адамдарға қатысты учаскелік инспектордың олардың тәртібін байқау бойынша міндеттері туындайды.

Байқаудың мәнісі профилактика жасалған адамдар тарапынан болар қылмыстың алдын алу үшін қажет деректер алуда тұр. Бұл кезеңдегі жеке-профилактикалық жұмыстың маңыздылығы мен қажеттілігі сонда, учаскелік инспектор байқау үрдісінде профилактика өтіп жатқан адамдар туралы, қылмыстың алдын алуға мәні бар әр түрлі жағдайлар туралы мәлімет ала-алады. Мәнісі бойынша бақылау профилактика өтетін адамдармен тәрбиелік

жұмыс жүргізу үшін қажет ақпараттық (деректік) база жасайды. Ол болса профилактикалық әсер етудің аса бір тиімді, оңтайлы шараларын жасауды және қолдануды қамтамасыз етеді, нақты адамның тәртібіндегі ауытқушылыққа, оның ішінде құқық бұзушылыққа қарсы дер кезінде жауап әрекет жасауды қолға алғызады.

Учаскелік полиция инспекторының жасап жатқан жеке профилактикасының түпкі нысанасы-қоғамдық тәртіпті бұзушыларды (профилактикадағы адамдарды) тағыда қоғамға қарсы қылық жасауға және құқық бұзушылыққа жібермеу. Бұл нысанаға қол жеткізу мазмұны мен формасы жан-жақты профилактикалық әсер ету сатысына жүктеледі.

Оны табысты іске асыру үшін учаскелік инспекторға профилактикалық әсер етудің сипаттайтын бір қатар жалпы ережелерді меңгеруі керек.

Учаскелік инспектормен профилактика жасалатын адамға профилактикалық ықпалы, немесе тікелей тәрбиелік-профилактикалық жұмысы дегеніңіз-біріншіден, профилактика жасалатын адамның қоғамға жат көзқарасы мен әдетін біраз өзгертуге, оларға бірге өмір сүру нормалары мен ережелеріне сай адамгершілік қасиеттерді беруге бағытталған үрдіс, екіншіден, бұл тиісті заңнама мен Қазақстан Республикасының ІІМ-нің нормативтік актілерінің талаптары орындалатын іс-қимылдың нәтижесі.

Әрбір нақты жағдайда профилактикалық ықпал жасаудың мазмұны құқық бұзушының бетбейнесі ерекшеліктерімен және қоршаған әлеуметтік кіші орта әсерімен, сондай-ақ учаскелік инспектордың қолданып жүрген шараларының сипатымен анықталады. Бұл жерде шаблонға жол беруге болмайды. Дегенмен әңгіме адамдармен жұмыс туралы болып жатқандықтан, әрбір жеке-профилактикалық іс-қимылдарды құқық бұзушының бетбейнесіне қарамай болуға тиіс ортақ моменттер бар. Айтсақ, ол профилактикалық әсер етуге ұшыраған адамның мүддесіне құрметпен қарау, оған және оның қажетіне мұқият көңіл бөлу, тағдырына ынталылық ниет білдіру. Осы шарттарды ұстану профилактикалық мәселелерді шешуге нағыз қолайлы ахуал жасайды. Керсінше, профилактика жасалатын адамға менсінбей қарау, дөрекілік, әдепсіздік, негізсіз күдікшілдік, алакөздік көрсету жүргізілетін профилактикалық шараларға сенімсіздік пен қабылдамаушылықты тудырады.

Тәжірибені зерделеу көрсеткендей, ең нәтижелі тактикалық әдіс-адамның жақсы жақтары мен қасиеттерін анықтау және осыған байланысты оларды баянды етіп дамытып түсуге әрекет жасау. Керсінше, егер көңілді үнемі кемшіліктерге ғана аударсақ, онда бұл негізінен теріс нәтиже бермек, профилактика жасалатын адам өзінің қоғамға жат тәртібін өзгертуге болады-ау деген сенімін жоғалтуға әкелмек.

Учаскелік инспектордың профилактикалық әсер ету жұмысы негізінен екі формада жүзеге асырылады: учаскелік инспектордың өзімен және профилактиканың басқа субъектілері арқылы. Учаскелік инспектордың өзінің тікелей кірісуі оның функционалдық міндеттері болғандықтан. Сондықтан УПИ бұл жұмысқа үйретілген болуы керек, оны жүргізуге тәжірибесі мен



дағдысы, яғни мұндай әсер етуді шебер іске асыруға қажет қабілет өзінен табылуы тиіс.

Осы мақсаттар үшін учаскелік инспектор жұмылдыратын профилактиканың басқа субектілері болып табылатындар: тәлімгерлер, әкімшілік комиссиялары, ӨБАК (өзін-өзі басқарудың аумақтық комитеттері), қоғамдық ұйымдар, заңға бағынатын адамдар мен құқық қорғау бағытындағы қоғамдық құрылымдардың басқада мүшелері.

Учаскелік инспектор тікелей жүзеге асыратын профилактикалық әсер етуі-бұл ол өткізетін профилактикалық әңгімелер, тұрмыстық және еңбекке орналасуда көмек көрсету, есепте тұрғандардың бос уақытын ұйымдастыру (әртүрлі үйірмелерге, спорт секцияларына және т.б., қатысуына көмек жасау).

Қаралып отырған іс-қимылдардың бір бағыты болып профилактика жасалатын адаммен учаскелік инспектордың профилактикалық әңгіме өткізуі. Алайда профилактикалық жұмыста әңгімені жиі пайдаланғанмен, учаскелік инспекторлардың барлығы бірдей оны өткізудің методикасын меңгермеген.

Олар тарапынан аңдаусыз сөздер айту, дөрекілік, әдепсіздік көрсету, жазамен орынсыз қорқыту оқиғалары болатыны аз емес. Сондықтан, учаскелік инспектор өткізген профилактикалық әңгімені олар әңгіме емес тергеу сияқты қабылдайтынына таңғалуға болмайды.

Әңгіме өз мәнінде, яғни профилактикалық болу үшін, оны өткізгенде келесі ұсыныстарды ұстану қажет.

Әңгімелер қойылған мақсатына қарай танысып-білісу және профилактикалық болып бөлінеді. Танысып-білісу әңгімесі негізінен профилактика жасалатын адам туралы, оның өмірлік ой-ниеттері жайлы мағлұмат жинау мақсатын көздейді.

Ол әдетте профилактика жасалатын адамды байқау кезеңінде өткізіледі.

Профилактикалық әңгіме профилактика жасалатын адамның өмір-салтын және тәртібін жақсы жаққа қарай өзгертуді көздейді.

Профилактикалық әңгіме өткізбес бұрын оның мазмұны туралы жақсылап ойланып алу керек. Оған дайындықты анықтау мен талқылауға жаттатын сұрақтар тізімін жасаудан бастау қажет. Әлбетте, бүкіл әңгімені егжей-тегжейлі жоспарлаудың қажеті жоқ, алайда бұл жерде профилактика жасалатын адамның жасы, өмірлік тәжірибесі, білімі, отбасылық жағдайы, жасаған құқық бұзушылығының сипаты немесе оны есепке қоюдың нақты негізі, имандылық, әлеуметтік қорғалу дәрежесі міндетті түрде ескерілуі керек. Басқаша айтқанда алдын ала жиналған ақпарат негізінде басты сұрақтар қаралған жоспарының нобайын (жазбаша немесе ауызша) жасау жөн.

Мұның алдында қылмыстық із кесудің аймақтық кеңесу, профилактика жасалатын адамды білетін кісілермен әңгімелесу ғанибет болмақ.

Әңгіменің нәтижелілігі оның өткізілген жері мен уақытына байланысты. Иә, практика көрсеткендей, учаскелік инспектордың профилактика жасалатын адамдармен әңгіме үшін кездесуі негізінен соңғылардың үйінде, полицияда немесе учаскелік полиция бекетінде өткізіледі. Мынадай қызықты жайды айтуға кету керек, профилактика жасалатын адамдар мұндай кездесу-әңгімелесулердің көбінесе өз үйлерінде немесе ресми мекемеден тыс жерде өтуін қалайды. Ал учаскелік инспектор болса керісінше, учаскелік полиция бекетінде болғанын жақсы көреді.

Анықтау сатысында әкімшілік құқық бұзушылықтардың жасалғаны туралы фактілер әр түрлі жолдармен анықталады. Біріншіден, олар учаскелік инспектормен де, ішкі істер органының басқада қызметтері мен бөлімшелерінің қызметкерлерімен де, қоғамдық тәртіпті сақтау немесе басқада жедел-қызмет және қоғамдық мәселелер орындап жүрген қауым өкілдерімен табылуы мүмкін. Екіншіден, осы фактілердің табылуының өзі қоғамға теріс қылықтардың қайсы бір түрлерімен мақсатты күрес шараларын өткізудің нәтижесі (мысалы: рейдтер, алкогольге қарсы заңдарды бұзушылықтың жолын кесу операциялары, ұсақ ұрлықтар) немесе қадағалау-күзет функцияларын орындаудың «желісі» болуы мүмкін (паспорт пен рұқсат беру жүйесінің ережелерін, өрт қауіпсіздігін, санитарияны сақтауды бақылау). Үшіншіден, учаскелік инспектордың әкімшілік құқық бұзушылықты анықтауы тікелей табуының, азаматтар мен лауазымдық тұлғалардың арыздары мен хабарлауы, сондай-ақ басқаша жолдарымен іске асады.

Әкімшілік құқық бұзушылықты көрсетілген параметрлер бойынша анықтау механизмдеріне жүргізілген зерделеу бізге келесі көріністі ашады. Егер аталмыш құқық бұзушылықты табу (жасалу) ахуалын жазылған әкімшілік хаттамалардың санымен анықтасақ, онда бақылауға алынған 64 учаскесі бар үш аймақ бойынша учаскелік және оның көмекшілерінің үлесіне түрлі қылықтардың бүкіл жиынтығының 50% шамасы тиесілі, ал анықтаулардың жартысынан астамы аудандық, қалалық органдардың басқа қызметтері мен бөлімшелері қызметкерлерінің үлесіне тиеді. Бұл фактіні екі жақты бағалауға болады: бір жағынан, бұл учаскелік инспекторлар қызметінің әкімшілік құқық бұзушылықпен оны анықтау сатысындағы күреске қосқан толымды үлесін айғақтаса, екінші жағынан, бұлардың артында үлкен уақыт шығыны тұрғанын ескерсек, учаскелік инспекторлар жұмысының басқа бағыттары және бәрінен бұрын олардың есепте тұрған адамдармен жеке-профилактикалық жұмыс жүргізуі бойынша, қайтсе де зиян шегетінін көрсетеді.

Мұндай жағдайды, тәрізі, әкімшілік құқық бұзушылықпен (оның тұтасымен де, және кейбір бөлек түрлерімен де) күресті ұйымдастыруға әр түрлі қырмен келумен, учаскелік инспекторлардың әр түрлі жұмыс жағдайларымен ғана емес, оны бұл қылықтардың таралуының әр түрлі дәрежеде болуымен, және бар кәсіби тәжірибенің деңгейімен түсіндіруге болады.

## Қорытынды

Қылмыспен күрес және қоғамдық тәртіпті сақтау жолындағы мәселелерді шеше отырып Қазақстан Республикасы ІІМ басқару жүйесі сияқты болады. Оның ұйымдық құрылымының күрделі болуы, бір жағынан, қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздік қамтамасыз ету саласындағы атқаратын функцияларының саңқырлылығынан, оған полиция тергеу, өрт күзеті, ішкі әскерлер тартылса, екінші жағынан республика құрамындағы облыстар аумақтарына сәйкес олардың бөлшектенуі.

Әкімшілік полициясы - бұл ұйым-жүйе, нақты бір мақсат үшін әлеуметтік-саяси саладағы қоғамдық іс-қимыл мен қоғамдық қатынастар құрылымына сәйкес құрылған. Кез-келген мемлекеттік құрылымның қалыпты жұмыс істеуінің міндетті шарты оның іс-қимылының мақсатын нормативтік-құқықтық реттеу айқын анықтап алу болып табылады. Бұл пікір мейлінше әділетті. Бірақ, айта кету керек, егер біз «Ішкі істер органдары туралы» Заңға жүгінсек, мынаған көз жеткіземіз: полиция іс-қимылының мақсаты түгелімен, әкімшілік полицияның мақсаты ішінара, бір мәнде анықталмаған. Заңмен және Ережелермен әкімшілік полицияның алдында тұрған міндеттер ғана белгілеген.

Қылмыстың және әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу міндеттері қылмыс пен әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалуына түрткі болатын себептер мен жағдайларды анықтауды алға тартады, сондай-ақ оларды жою шараларын қолдануды міндеттейді. Алайда, белгілі себептермен, полиция қылмыстың алдын алу бойынша жауапкершілікті мойнына ала алмайды, өйткені мұндай міндеттерді шешу үшін керек құралдары жоқ және болуы да мүмкін емес.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы ІІМ-нің даму және жұмысты жетілдіру бағдарламалармен учаскелік полиция инспекторлардың іс-қимылына үлкен назар аударылуда. Қазір учаскелік полиция инспекторының «тұлғасы» халықпен үнемі және тығыз байланыста болғандықтан, негізгі тұлғалардың бірі болды. Бұдан бөлек, учаскелік полиция инспекторы өз әкімшілік учаскесінде атқарушы биліктің өкілі болып табылады.

Қоғамдық тәртіпке зиянын тигізген әкімшілік құқық бұзушылықтарды сараптай келіп мынаны мойындау керек, учаскелік инспекторлар осы құқық бұзушылықтардың алдын алып жолын кесетін ішкі істер органдарындағы шешуші тұлға, ал бір қатар жағдайда тек жалғыз өзі ғана (бұл ауылдық жерлердегі учаскелік полиция инспекторларына қатысты) болып табылады.

Сондықтан учаскелік полиция инспекторлары материалдық-техникалық, әлеуметтік жағынан, сондай-ақ криминогендік хал-жағдайға шын мәнісінде әсер ете алатын әлеуметті нормативтік-құқықтық актілермен қамтамасыз етілсе, қарапайым азаматтар қылмыстық тиісушіліктен соншалықты қамтамасыз етіледі және өздерін мемлекет тарапынан қорғалатынын сезінер еді.

## Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заңы.
- 2 «Ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1142 қаулысы.
- 3 «Учаскелік полиция пунктiнiң жұмысын ұйымдастыруға жауапты учаскелік полиция инспекторларының, учаскелік полиция инспекторлары мен олардың көмекшілерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1095 бұйрығы.
- 4 Қазақстан Республикасының 2011 ж. 06 қаңтардағы «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңы.
- 5 Административная деятельность ОВД. Часть общая. Учебник. Под ред. А.П. Коренева // М: МЮИ МВД России, из-во «Щит М», 2000 г.
- 6 «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-IV Заңы
- 7 Миньковский Г. М. и др. Деятельность органов расследования, прокурора и суда по предупреждению преступлений. М., 1962г.
8. Әкімшілік қадағалауға жататын адамдарға қатысты жеке профилактика жүргізу тәртібі «Әкімшілік қадағалауда тұрған адамдарды есепке алу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 11 ақпандағы № 97 бұйрығы